

Инфляцияның деңгейін ескере отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша кейбір мәселелер туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 қазандағы № 455 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қазанда № 33578 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 522 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып орындау қағидаларының 5-тармағының бесінші бөлігіне, 8-тармағының 1) тармақшасына, 9-тармағының 1) тармақшасына, 14-тармағының 1) тармақшасына және 16-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеуді тағайындауға өтініш нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеу сомасын тағайындау (тағайындаудан бас тарту туралы) туралы шешімнің жобасының нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес sms-құлақтандыру журналының нысаны.

2. "Инфляцияның деңгейін ескере отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1029 бұйрығының (мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) күші жойылды деп танылсын нормативтік құқықтық актілер № 12645).

3. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

С. Жакупова

2023 жылғы 23 қазандағы
№ 455 бұйрығына
I-қосымша
Нысан

Инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеуді тағайындауға өтініш

Қаланың / ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің _____ департаменті Өтініш

Туған күні __ жылғы " __ " _____, _____

мекенжайы бойынша тұратын

азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық)

Менің жеке сәйкестендіру нөмерім _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: № _____

— Кім берді _____ берілген күні _____

Инфляция деңгейін ескере отырып, маған

_____ міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының

(жарналар түрін көрсету қажет) сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемін тағайындауды сұраймын.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалылығы үшін жауапты боламын.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шотының болуы және _____ міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (жарналар түрін көрсету қажет)

есебінен зейнетақы жинақтарының сомалары туралы мәліметтерді сұратуды өтінемін.

Инфляция деңгейін ескере отырып,

_____ міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (жарналар түрін көрсету қажет) сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы

арасындағы айырма төлемін тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға

және өңдеуге келісім беремін.

Инфляция деңгейін ескере отырып,

_____ (міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (жарналар түрін көрсету қажет) сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы

арасындағы айырма төлемін тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабарлауға келісім

беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефоны _____ E-mail _____

Өтініш берген күні _____

Өтініш берушінің қолы _____

Азамат (ша) _____ өтініші

20__ жылғы " __ " № _____ қабылданды,

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

лауазымы және қолы:

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе

(ҚИЮ СЫЗЫҒЫ)

Азамат (ша) _____ өтініші № _____ болып тіркелді.

Құжаттарды қабылдаған күн _____

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы және қолы: _____

2023 жылғы 23 қазандағы

№ 455 бұйрығына

2-қосымша

Нысан

Инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемінің сомасын тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) шешімнің жобасы

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің _____

бойынша департаментінің 20 ____ жылғы " __ " _____ № _____

шешімі

Іс № _____

Инфляция деңгейін ескере отырып,

міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (жарналар түрін көрсету қажет) сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемінің сомасын тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту

туралы)

Азамат (ша) _____

Жынысы _____ туған күні ____ жылғы " __ " _____

Өтініш берген күні 20 ____ жылғы " __ " _____ № _____

Зейнетақы төлемдеріне құқық басталған күні:

міндетті зейнетақы жарналары бойынша _____

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша _____

1. Инфляция деңгейі ескерілген сома:

міндетті зейнетақы жарналары бойынша

_____ теңге;

(сомасы жазбаша)

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша сомасы

_____ теңге

(сомасы жазбаша)

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы (керегін толтыру қажет):

міндетті зейнетақы жарналары бойынша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК